

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ ҚЫЗМЕТТІҢ (ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ) КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін сыртқы қызметтің жақсы ұйымдастырылуы көптеген факторларға тікелей байланысты. Оның қазіргі жағдайы әрине жетілдіруді қажет етеді, себебі көшелердегі және қоғамдық орындардағы қылмыстылықтың жағдайы тұрақсыз, әрі шиеленіскен. Көше қылмыстылығының деңгейі тұрақты түрде өсіп келеді, ал оның төмендеуі тек қағаз жүзінде ғана көрініс тапқан. Оның себебі көп, оның ішінде сыртқы қызметтегі қызметкерлердің жетіспеушілігі; басым көпшілігінің еңбек өтілі 3 жылдан кем болып келетін төмен кәсіби деңгейі және кадрлардың тұрақсыздығы (кадрлардың тұрақтылығы коэффициенті жұмысшылардың жалпы жиынтығының ішінен сол жұмыста бес және одан артық еңбек өтілі бар жұмысшылардың үлесімен есептеледі)¹ ұйымдастыру жұмысының әлсіздігі; өздеріне тән емес міндеттерді орындау; жедел жағдайды сауатсыз талдаудың салдарынан туындайтын көпдеңгейлі жоспарлау; сыртқы қызметтерді статистиканы қасақана бұрмалауға мәжбүрлеу; профилактиканың бірыңғай жүйесінің жоқтығы; қызметтердің өзара әрекеттесуінің әлсіздігі; ішкі бюрократиялық кедергілердің көп саны және т. б. Осы себептердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты. Солардың негізгілеріне тоқталып өтейік.

Алдымен, сыртқы қызметтің барлық салаларының құтын қашыратын дүрліккен «таяқшалы жүйе» (палочная система). Оның өзара әрекеттесу, талдау және тіркеу қызметі үшін келтіретін зияны туралы барлығына мәлім, алайда бұл жүйенің қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алуға тигізер әсерін де ұмытпаған жөн. Бұл жүйе өткен жылдың сол (аналогиялық) кезеңімен салыстыруды көздейді. Қылмыстардың түрлері бойынша есептілікпен қатар, анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін де есеп жүргізіледі. Жоғарыда аталған жүйе бойынша ол өткен жылдың сол кезеңіндегі көрсеткіштерімен салыстырғанда төмен болмауы тиіс, қайдан алсаң да көрсеткішті өткен жылғыдан жоғарылату қажет. Жолы кесілген қылмыстар есепке алынбайды, полиция қызметкерлері жасалып жатқан қылмысты көре тұра, оның аяқталуын күтеді, тек содан кейін ғана шаралар қабылдайды. Себебі басшылық жұмысты талап етеді, ал талап жылдан-жылға жоғарылап келеді. Осыдан сыртқы қыз-

меттер қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алумен айналысады ма, әлде олардың дамуына ықпал етеді ме деген сұрақ туындайды.

Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы ретінде, біздің ойымызша, қылмыстылықтың алдын алу мәселесі патрульдік полицияның полицейлері үшін ерекше ынталандырылуы тиіс.

Бұрмаланған статистикалық есептілікпен көшедегі қылмыстылықтың жағдайын талдау мүмкін еместігі белгілі, сондай-ақ, кабинеттегі құжаттық жұмысбастылықты ескере отырып, олардың қазіргі уақыттағы формальді болжаулары пайдадан бұрын зиян келтіретіні анық. Болжау және жоспарлау оқиғалардың апталық мәліметін зерделеу негізінде ғана жүзеге асырылады. Апта ішінде жасалған барлық көше қылмыстары алынады және соған қарап қайталанатын көшелердің атауларына назар аударылады. Ең басты критерий: уақыт және орын, сол бойынша талдау жұмысы жүргізіледі және келесі аптаға жұмыс жоспарланады. Бұған қоса, нақты талдау жасау үшін ақпарат жеткіліксіз, себебі барлық ақпарат қала бойынша орын алған оқиғалардың тәуліктік мәліметінің болмашы мазмұнымен ғана шектелген. Әрине мұндай формальді болжамдар жұмыстың формальді нәтижесіне әкеп соқтырады анық. Кез келген бөліністің қызметін апта немесе декада бойынша бағалау мүмкін емес, бұл тым қысқа уақыт және көп жағдайда ешбір тенденцияны көрсетпейді. Қылмыстылық, әсіресе көше қылмыстылығы — өте құбылмалы құбылыс, көп жағдайда тіпті қай жағынан шығатыны да белгісіз, сол себепті оған қарсы тұратындардың жұмысын кем дегенде айына бір рет бағалаған жөн. Демек формальды жоспарлау және болжаудан нақтыға көшкен жөн, сонда ғана көшедегі қылмыстылықтың шыннайы көрінісін, жағдайын анықтауға болады.

Бұған қоса патрульді-бекеттік нарядтардың қызмет өткеру кестесін және оларды орналастыруды тек көше қылмыстылығының жағдайын талдау негізінде ғана емес, сондай-ақ «02» телефоны бойынша оқиғалар туралы келіп түсетін хабарламаларға, сонымен қатар анықталатын құқық бұзушылықтарға сәйкес анықтаған жөн. Себебі «02»-ден келіп түсетін хабарламаларға көбіне патрульдік полицияның жаяу және мобильді нарядтары қызмет көрсетеді, соның салдарынан бекітілген патрульдеу маршрутында қылмыстылықтың алдын алу «тоқтатылады». Сол себепті патрульдік полиция қызметкерлерінің жұмысын бағалау критерийлеріне азаматтардың қоғамдық тәртіптің бұзылу мәселелері бойынша шақыртуларына қызмет көрсету санын да қосқан жөн.

Көшелерде, транспорт объектілерінде және басқа да орындарда тәулік бойы қызмет атқаратын патрульдік полицияның нарядтары жасалған қылмыстарға бірінші болып әрекет етеді, жәбірленушілерге көмек көрсетеді және «ізін суытпай» қылмыскерлерді ұстауды қамтамасыз етеді. Алаңда, бүгінгі таңда олардың санының аздығы, жетіспеушілігі эзірленген патрульдеу маршруттарының толықтай жабылуына, жеке құрамның демалысын толық түрде ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді. 2012 жылдың қаңтар айының қорытындысы бойынша республиканың барлық аймақтарында қоғамдық орындарда жасалған қылмыстардың өсуі байқалады². Тікелей қоғамдық тәртіпті қорғаумен айналысатын патрульдік полиция саптық бөліністерінің жеке құрамы санының жеткіліксіздігі осы қалыптасқан жағдайдың бірден бір себебі болып табылады. Мысалға, Оңтүстік Қазақстан облысында халық саны 2 млн. 567 мың 707 құрайды, ал ОҚО ПД-нің патрульдік полицияның саптық бөліністеріндегі жеке құрамының саны — 834 қызметкер³, бұл қоғамдық тәртіпті бірқалыпты сақтап отыру үшін әрине жеткіліксіз. Ауылды жерлерде қоғамдық тәртіпті қорғауды 3-4 елді-мекен бекітіліп берілген учаскелік инспекторлар ғана жүзеге асырады. (ҚР ПМ 2007 жылғы 27 қарашадағы № 455 бұйрығына сәйкес қалалық жерлерде 1000-2000 адамға — 1 полицей, ал ауылды жерлерде 120-150 үй ауласына — 1 полицей)⁴. Көп жағдайда нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұза отырып, ЖӘАЖ (жедел әрекет ететін арнайы жасақ) жеке құрамын күн сайын патрульдік полицияның саптық бөліністерінің жетіспеушілігінен патрульді-бекеттік қызметке жұмылдыру мәселесі орын алып жатады, бұл олардың жауынгерлік дайындығын арттыруға едәуір кедергі келтіруде.

Жалпы зерделеу барысында жоғарыда баяндалғандарды, сондай-ақ қазіргі уақытта көше қылмыстары санының өсуімен, сауық-сайран мекемелері санының ұлғаюымен көрінетін жедел жағдайды ескере отырып, қазіргі жүктеме нормасының шындыққа сәйкес келмейтіндігі анықталды, соған сәйкес Қазақстан Республикасы ПМ-нің 2007 жылғы 27 қарашадағы № 455 бұйрығының патрульдік полицияның саптық бөліністері және жедел әрекет ететін арнайы жасақ қызметкерлерінің жүктемесіне қатысты бөлігіне өзгертулер мен толықтырулар енгізуді талап етеді. Бұл көше қылмыстылығының азаюына үлкен септігін тигізетіні анық.

¹ Ғаламтор: <http://bugabooks.com>.

² ШҚО ПД 2012.01.03 шығ. № 1/4-5-119/1490 хаты.

³ ОҚО ПД 2012.29.02 шығ. № 1/5-19-63-456 хаты.

⁴ ҚР ПМ-нің 2007 жылғы 27 қарашадағы № 455 бұйрығы.